
ТАРИХ ЖЭНЕ ЭТНОГРАФИЯ

С.ӘБУШӘРІП

ЭТНОСЫҢ ТАБИҒАТЫ МЕН ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДИН ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТИЛЕРИ

В статье рассматриваются теоретико-методологические аспекты исследования природы и истории этноса. В ней этнос рассматривается не только как социально-культурная общность. Сделана попытка показать его биологические механизмы этнической симпатии и предрасположенности к этническим ценностям.

Makalede halk ve çevre arasındaki ilişkiler ve bu ilişkilerden ortaya çıkan bazı halk değerleri sözkonusudur.

Өткенді білу бүгініміз үшін керек, сондықтан ол өзіне біздің назарымызды әрдайым аудартып отырады. Біздің жадымыз магынасы бар нәрсені сактайды. Әсіресе, Ел басқарған жандардың өз халқының тарихынан, этностиқ ерекшеліктерінен хабары мардымсыз болса, олар көп қателік жіберіп алады. Ағылшын ғалымы Г.С.Боллингброк «История – это философия, которая учит нас с помощью примеров», – деген еді [1]. Ал, неміс ғалымы И.Г.Гредер «Пространства полны мудрости, человек сотворен, чтобы искать порядок,... чтобы грядущее строить на прошедшем – иначе зачем человеку память, зачем воспоминания», деп жазған [2]. В.В.Алексеев айтқандай, тарихи тәжірибе – бұл ұрпақтардың іскерліктері мен білімдерінің сабактастыры, өткендеңі әлеуметтік практиканың жинақталған және қазіргі заман мәселелерінің шешімін табуды қамтамасыз ететін социум қызметінің бейнеленуі. Жалпы, ұл болып тұтасуымыз үшін, ұлттық санамызды ояту үшін, өткеннен сабақ ала отырып, қазіргі жағдайымызды жақырақ түсіну үшін төл тарихымызға, яғни ата-бабаларымыз тарихына және этностиқ құндылықтарымызға деген күштарлығымызды үдете түсуіміз қажет.

Зерттеу жұмысының мақсаты тек әлеуметтік-саяси сұраныспен ғана емес, сондай-ақ тарихшылар мен этнологтардың ұстанған құндылықтарының жүйесімен, дүниетанымымен, ұлттық сана-сезімімен анықталады. Осыдан барып зерттеушілердің түрлі методологиялық ұстанымдары айқындалады. Дегенмен де, олар саясаттан тысқарыда тұра алмайды. Сондықтан зерттеу жұмыстары ұлттық мұдделерге қызмет етуі тиіс. Керісінше болған жағдайда, зерттеушінің піғылды теріс, зерттеу жұмысының түбі шикі болады. М. Ломоносов «...Историю России должны писать природные россияне» [3] деп бекерге айтпаған гой. Шынында да, ұлттық өмірдің нәрімен сусындаған жандар ғана өз халқының тарихын жетекшілік жаза алады, өткен дәүірді, оның «заттылығын» түйсіне алады. Бұл ретте А.Н.Толстой былай деп жазады: «Каким образом люди далекой эпохи получились у меня живыми? Я думаю, если бы я родился в городе, а не в деревне, не знал бы с детства тысячи вещей – эту зимнюю выигу в степях, в заброшенных деревнях, святки, избы, гаданья, сказки, лучину, овины, которые особенным образом

пахнут, я, наверное, не мог бы так описать старую Москву. Крутины старой Москвы звучали во мне глубокими детскими воспоминаниями. И отсюда появлялось ощущение эпохи, ее вещественность» [4]. Эрине, қоғамдағы езгерістер мен процестерді идеологиялық жағынан қамтамасыз ету – тарихшылардың, этнологтардың, философтардың қасиетті міндегі. Г.Трейки олар ғылымның барлық мүмкіндігін өз елінің қажетіне жаратуы керек дейді [5].

Зерттеуші тарихшы мен этнограф өткенді өзінің өмір сүріп отырған кезеңінің әлеуметтік талап-тұжырымдамалары мен идеологиялық құрылымдарына арқа сүйей отырып, белгілі бір интеллектуалдық модельдерге айрықша ықыласы ауып түсіндіреді. Демек, тарихи білім шындықты бейнелеуде әрқашан шартты және субъективтік сипаттас болады. Мұнда деректердегі олқылықтарды көрсете отырып, олардың түпнұсқалық мағынасын қалпына келтіру маңызды. Бірақ бұл материалдар зерттеу объектісінің бір белгі гана болып табылады, өйткені ол объект бір бүтін ретінде баяғыда-ақ жоқ болып кеткен және ол тарихшының қалпына келтіре алған өлшемінде гана бар деуге болады. Демек, тарих жөніндегі біліміміз – бұлар зерттеушінің мәліметтерді іздеپ табуы арқылы саналы түрде қалпына келтіруге болатын қауымның өткен тарихының бір белгі гана. «Такая сложная наука, как история, где прежде чем формулировать вывод, приходится, обыкновенно накоплять факты миллионами... Историческое построение не делается прямо по рукописям, точно также как история «не пишется по рукописям» на одном и том же основании – ради сбережения времени чтобы двигать вперед науку нужно комбинировать выводы, добытые тысячами частичных работ» [6].

Тарихшы өзінің алдына саяси жағынан мемлекеттік құрылымдар дамуының негізгі кезеңдерін бейнелейтін маңызды оқиғаларды, жалпы алғанда, қоғамдық динамиканы зерттеуді мақсат етіп қояды. Эрине, оқиғалармен бір катарда адамдардың мінез-құлқы, тәртіп-тағылымы, жеке тұлғалардың қоғам өміріндегі ролі назардан қалыс қалмайды. Соңдай-ақ, әлеуметтің рухани тұрмысы да қамтылуы тиіс. Итальян тарихшысы және философы Бенедетто Кроче (1866-1952) позитивизмге тән болған тарихқа деген натуралистік көзқарас зерттеудің ауқымын шектейді, сондықтан мақсат оқиғалардың хроникасын беруде емес деп, сезімдер мен рухани өмірдің тарихы ретінде түсінілетін ұлттық тарихты жазудың қажеттілігін тұжырымдайды [7]. Ол әрбір халықтың рухани дамуының сабактастыры мен үздіксіздігін айқындауға ұмтылып, тарихты өткен мен қазіргі жағдайдың органикалық байланысы ретінде түсіну керек дейді.

Тарихи обьективизмнің жеңіске жетуі үшін тарихшы болған уақығаны ықжадағатпен мұқият баяндауы керек. Мұнда деректердің алуан түрін пайдаланған жөн. Тақырып жөнінде толық ақпарат беретін материалдар жиналашып, олар талданып, әріптестердің қолы жеткен жетістіктері толық итерілуі керек. Сонда тарихи шығарманың құндылығы арта түседі. Жазба

С.Әбушәріп. Этностиң табиғаты мен тарихын зерттеудің...

және вербальдық емес деректер өткен замандағы құндылықтар жүйесін түсінуге жәрдемдеседі. Ағылшын тарихшысы және философи Р.Дж. Коллингвуда айтқандай, дүниедегі нәрсе мен құбылыстардың баршасы бір нәрсенің белгісі мен әлеуетінің күелігі болып табылады [8]. Тарихи танымның объективтілігі мен ғылымилығы тарихшы мен этнографтың ете биік көсіпқойлығымен, деректерді қатаң сынни талдау жасау арқылы, синтетикалық процедуралардың ережелерін қолдану арқылы қамтамасыз етіледі.

Тарихшы өткендегі идеялар мен оқигалар тізбегі жөніндегі мәліметтерді жинақтай отырып, белгілі бір жағдай, зат, іс-әрекет, тіпті сөздің қазіргі заман үшін қандай маңызы бар деген сұраққа жауап іздейді. Осылардың негізінде тұжырымдалған идеялар, сондай-ақ әлеуметтік тәртіп, мінез-құлық, саяси институттар мен құндылықтар нормаларының ықпалымен ғана емес, бұқаралық психология, иррационалдық сезімдер мен түсініктегі арқылы қалыптасқан бағдарламалар тұтас халықтың жүзделеген жылдар бойы орнықкан құндылықтар жүйесінен бас тартқызып, оларды белгілі бір идеологияның қолдаушыларына айналдыра алады.

Тарихи ортада, әлеуметтік, саяси, діни және мәдени мәнмәтіндерде туылатын, таралатын, дамитын идеяларды зерттеудің маңызы зор. Мұнда мәдениеттану мен интеллектуалдық тарих қосылып бір бүтіндікті құрайтын болады. Бұрынғы идеялардың қайсыбірі бұқаралық санада қабылданып, орнығып қалғандығын және олардың орнын, әсіресе шұғыл бетбұрыстық кезеңдерде жаңа идеялардың басуы мен таралуының жолдарын-тәсілдерін зерттеу аса қажет. Мысалы, дін тарихының өзі шіркеудің немесе шіркеудің ресми доктринасының, тіпті оппозиция ретіндегі діни секталардың тарихы емес. Бұл – жеке-даралық топтар мен жалпы алғандағы руханилардың бағдарларын анықтайтын сенімдер және мұраттардан құралатын діни сана мен діни ойлау жүйесінің тарихы.

Бір қараганда саяси лидерлер мен партиялардың іс-әрекеттері тудыратын оқигаларды қөптеген түрлі фактілерді есепке алмастан түсіндіруге болмайды. Өткеннің кез келген құбылыс, оның атқарған әлеуметтік функциялары тұрғысынан бағалануы керек. Деректердегі мәліметтердің толыққандылығы, шынайылығы анықталып, олардың пайда болған нақты әлеуметтік-тарихи жағдайы есепке алынуы қажет. Барлық деректерде, оларды жасаушылардың түсінігі, көзқарасы мен мұратының іздері көрініс тауып жататындықтан, деректер қарастырылып отырған дәуірдің мәдениетінен хабардар етеді. Мәтіндердегі басымдықтар, жорта айтылмаған жәйттер мен баяндаудағы мағыналық екпінділікті анықтайтын идеология элементтерін барлық деректер өздерінде сақтайды. Тарихшы әрдайым нақты да, бірегей уақығаларды зерттеуді діттейді. Бұл ретте уақығаның тарихи бағалануы абсолютті түрде объективті және толық, жан-жақты, жеткілікті болуы мүмкін емес. Тарихи санада өткеннің құбылыстары әрқашан қоғам үшін өзекті саналатын идеялар мен түсініктегі ықпалымен қалыптасады. Өткеннің бейнесі – бұл,

қаласақ та, қаламасақ та, үнемі біздің мұдделеріміздің бейнеленуі. Әрине, нақтылықты емес, құбылыстардың жалпы ерекшеліктерін көрсетуге деген талпыныс – шынайылықта жақыннататын үдеріс. Тарихшының ой тұжырымдалуына қозғау салатын нәрсе – құжаттың өзі саналады. Ойда бейнені тудыру мен алынған фактілерді тоptастыру өткенді қазіргіге ұқсата тұжырымдау арқылы жүзеге асырылады.

Оқиғаларды көзімен көріп, сол қоғамда өмір сүріп отырған тарихшылар немесе замандастар олардың, жалпы алғандағы қоғамның жағдайының толыққанды және жан-жақты сипаттамасын беруге қабілетсіздік танытады. Олар, әдетте шындықтың жекеленген жақтарына бірсарынды қарап, басқа құбылыстарға ықылас білдіре қоймайды. Қалай болғанда да, олардың тарихи уақытты обьективті түрде және шеттен түршп бағалауы қындау кешеді, өйткені олар осынау заманның шындығымен шырмалған ғой. Бұл ретте Лукианның мына бір пікірімен санасу керек-ақ: «Единственное дело историка – рассказать все так, как оно было. А этого он не может сделать, если боится Артоксеркса, будучи его врагом, или надеется получить в награду за похвалы, содержащиеся в его книге, пурпурный кафтан» [9]. Ал, кейінгі ұрпақтардың өткенді риясыз, әділірек тануына мүмкіншіліктері бар. Олар оқиғаларды, адамдардың іс-әрекеттерін, адам өмірінің жеке-даралық көріністерін кеңірек көлемде көре алуы, оқиғалардың алғышарттары мен салдарларын айқындаі алуы мүмкін. Бірақ олардың да бағалауы құбылыстардың «шынайы мағынасының» абсолютті дәлме-дәл сипаттамасы бола алар ма екен? Мұнда тарихи құбылыстар жөнінде ой қозғаған тоғышар да, кәсіби-зерттеуші де көптеген өзара байланысқан фактілер мен факторларға тап болуы мүмкін: бірақ олардың тізбесі мен әрқайсының рөлінің бағалануы – әр түрлі болады. Яғни қарастырылып отырған оқиғаларды тудырған тарихи үдерістердің мағынасы бірдей бағалана бермейді. Оқиғалардың мағынасын анықтау олардың себеп-салдарын зерттеумен байланысты. Сонымен бірге өткеннің оқиғалары қашан да болса айрықша тарихи мағынаға ие ме? Немесе олар түрлі жағдайлардың кездесіп тогызының нәтижесі мәдениеттің деген сұрақтардың қаумалайтыны рас. Мысалы, римдіктер Римнің құлауын варварлардың басқыншылығымен байланыстыrsa, герман халықтарының жадында бұл оқиға герман тайпалары тарихының ұлы да, қаһармандық кезеңі ретінде қатталған. Кеңес Одағының ыдырауы жөнінде де осының айтуға болады. Әңгіме фактілердің мән-мағынасын қаншалықты шынайы ашып бере алуда екен.

«Факт» ұғымы болған жайтті білдіреді және сол жөніндегі мәліметтердің сенімді екендігін көрсетеді. Жекеленген тарихи фактілерді талдауга қаратылған Фактологиялық Тарихтың нәтижелері негізінде ауқымды теориялық тұжырымдар жасалынады. Эмпирикалық ғылым ретінде тарих өткеннің фактілерін анықтайды, сипаттайды, классификациялайды. Теориялық тарих тарихи процессті жүйелі түрде, ішкі құбылыстар мен сыртқы факторларды қабыстыра, қоғамның саясатын, шаруашылығын,

С.Әбушәріп. Этностиң табиғаты мен тарихын зерттеудің...

әлеуметтік қатынастарын және халықтың рухани өмірін байланыстыра отырып зерттеуді діттейді. Сонда ғана өткен заман туралы объективті көзқарасты қалыптастыруға мүмкіндік туылады. Ол тұтастай алғандағы қоғам дамуының және жекеленген объектілердің заңдылықтарын қарастыруға бағытталған. Ал, қарапайым тарихи санаға мыналар тән: қайшылықтық, үзік-үзіктік, жүйесіздік, көтерінкі эмоционалдылық, енжарлық және т.б. Этнология мен этнография жөнінде де осыны айтуга болады. Этнографиялық ізденістерге сипаттау тән, ал этнологтар тұжырымдауға дең қояды. Әрбір этнос өзінің этномәдени вариянтын немесе, басқаша айтқанда, өзінің ұлттық мәдениетін қалыптастырады. Жалпы алғанда, этнология (ол этнос жөніндегі ғылым) – тарих, философия, дінтану, психология, география және биология пәндерінің түйіскен тұсындағы ғылым.

Әсіресе, халық аңыздары, ертегілері мен әндерінде құнды мәліметтер сақталынады. Бұларды сақтықпен пайдалану, терендете талдау қажет болады. Дерек ретінде белгілі бір кезең мәдениетінің мағынасын бейнелеген кез келген тарихи қуәлікті бағамдаудың артықшылығы жоқ. Жеті атанды арғы жағындағы тарих жөніндегі шежірелер күнгіртеу мәліметтерді береді. Бізден алыс, арғы дәуірдің мән-мағынасы фольклорда көрінісін тауып жатады. Онда қауым тіршілігінің рухы жалпыластырылған түрде бейнеленеді.

Әдіс мәселесіне келсек, жалпыфилософиялық ұстанымдарды басшылықта алған жән. Мұнда табиғат ғылымының әдістерімен көп әуестенудің қажеті шамалы. Себебі, тарихшы зерделенуі тиіс оқиганы тікелей бақылай алмайды. Өйткені, ол әлдеқашан өтмішке айналып қалған той. Сондықтан зерттеуші тарихтың сынни қағидаларын басшылыққа ала отырып, ойды тұжырымдау жолымен әрекет етеді. Тарих ғылымындағы таным теориясы жан-жақты қарастырылып, оның ұстанымдары нақтыланбай кез келген тарихи процессті объективті түрде баяндау қыын. Әсіресе, қолға алынып отырган тақырыптың немесе бір жобаның басында мәселенің теориясы мен методологиясын дәйектеп беру – объективті түрдегі тарихты жазудың айнымас кепілі. Осы қағиданы ерекше құрмет тұтқанда ғана жақсы бір жұмыстың төбесі көрінуі мүмкін.

Шпленгер тарихи танымның басты әдісі ішкі интуициямен байланысты десе, Хейзинга тарих – халық мәдениетінің өткеннен хабардар ететін ғылым деп түйеді ойын. Эрине, интуицияға дем беретін жоғары деңгей мен ғылыми әлеуеттің шығармашылықты арттыратын рөлінің зор екендігі белгілі.

Тарихи уақыға белгілі бір кеңістікте, белгілі бір уақыт аралығында өрбиді. Сондықтан тарихи зерттеулер өркениеттік теориялар тұрғысынан жүргізілуі керек. Батыс өркениеті, Шығыс өркениеті, Славян-орыс өркениеті, Ислам өркениеті, Түрік өркениеті және т. б. дегендегер табиғатта бар нэрсе. Сондай-ақ, монопәндіктен пәнараалық зерттеулерге дең қою маңызды. Жүйелік теория, нарративтік және герменевтикалық әдістер туралы да осыны айтуга болады.

Тақырыпты зерттеудің өдіснамасын (методологиясын) сөз еткенімізде, оны жеке ғылымдық әдіспен тәндестірмеуіміз керек. Әдіснама Қазақстан территориясында қалыптасқан мемлекеттер жөніндегі танымның барлық деңгейлері мен формаларының жалпы бағытын көрсетуге тиіс. Мұның өзі бұл реттегі ізденисті дәйектеу мүмкіндігін жетілдіре түсер еді. Әдіснама, сайып келгенде, Қазақстан тарихын жіті зерттеудің нысанасын дәл тануга негіз бол қаланатын бастапқы ғылыми қағидаларды қамтиды.

Этнос мәселесінің негізdemесін өркениеттік тұрғыдан анықтауга ден қойган жөн. Бұл ретте, мына авторлардың еңбектеріндегі тұжырымдардың маңызы бар деп білеміз. – Неміс тарихшысы Э.Бернгеймнің пікірінше («Тарих ғылымына кіріспе»), адамдардың материалдық және рухани қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында жасалынған нәрселерді, әрине тарихи деректер ретінде пайдалануга болады. Ал, өткендегі оқиға, не болмаса құбылыс туралы өзінде белгілі бір мәліметтерді сақтаған бейнелеу материалдарының, сондай-ақ ауызша-жазбаша деректердің маңызы зор. Бірақ, олардың шынайылығын тексеріп көру керек, өйткені фактілер арадағы басқа бір адамдардың айтуымен жеткен болуы мүмкін [10].

Бұл айтылған пікірлер, мысалы, Шу қаған, Афрасиаб сынды және басқа қаған-хандардың тарихи тұлғалығы жөнінде ой таратуга қозғау салады. Ол жөнінде бір, екі немесе үш емес, көптеген айтылымдар мен дастандардың, әртүрлі аймақ-өлкелерде өмір сүрген авторлардың аузынан бірдей сөздің шығуы кездейсоқ жәйт емес.

И. Г. Дройзен «Тарих ғылымының негіздері» атты еңбегінде зерттеу ісі ұлттық тарих аясында жүргізілуі керек деп тұжырды. Әрине, ол эмпирикалдық фактологияға да ден қоюды жақтап, жалпы тарихи дамудың әлеуеті қүштейген сайын халықтар бірінің артынан бірі ілеседі деп көрсетті. Егер дәп казір түрік халықтарының ішінен бірі локомотив болатындаған даму әлеуетіне ие болса гой, шіркін, біздер басқаша сөйлеп, басқаша бағдарлар мен құндылықтарды ұстанған болар едік. Батыстың батпағына батып, орыстың ой-ойраны мен орманынан жол тауып шығып алар едік қой.

Жогарыда аты тілге алынған автор түкке тұрғысыз ғалымдықты-ғылымилықты сынай отырып, өткен оқиғалардың жанды байланыстарын іздеп табуга мән беру керектігін қадап айтқан [11].

К. Поппер, әлеуметтану – теориялық тарих дей отырып, әлеуметтанулық эксперименттің орнын статистика мен байқау, салыстыру мен аналогия басады, осылар арқылы оқиғалар түсіндіріледі деп көрсетті.

Неміс философы, тарихшысы, психолог В.Вунд үшін тарих – психикалық процестердің жиынтығы. Ол тарихты примитивті кезеңге, мәдениеттің даму кезеңіне, мәдениеттің толықтай даму кезеңдеріне бөлді.

Тарихи дамудың бірінші кезеңін ол примитивті адам кезеңі деп анықтай келе, бұл кезеңде аңшылық және терімшілікпен айналысқан, рухани өмірі магияға негізделген қауым өмір сүрген дейді. Екінші кезең – тайпаларға бөліну, әскери істің дамуы, соғыстардың белен алуды, тотемдік мәдениеттің

С.Әбушәріп. Этностиң табиғаты мен тарихын зерттеудің...

пайда болуы кезеңі. Ал, үшінші кезең – мемлекет пен діннің пайда болуы, солар негізінде нағыз өнер туындылары дүниеге келген кезең. Төртінші кезең гуманистік, философиялық, тарихи танымның пайда болған кезеңі [11].

Тарихтың мақсаты, – дейді В. Дильтей, – танымдық әдістің және білімнің әлеуетін мемлекет пен қоғамдағы жағдайларды реттеуге жұмсау, оларға әсер етуге бағыттау болып табылады [11]. Бұл оңай ғана іске асатын шаруа емес; ол мемлекет пен қоғам тізгінің ұстап отырған жандардың ой-өрісі мен жалпы алғандағы рухани дүниесіне байланысты болып, оң немесе теріс нәтижесін береді. Басшылық үнісіз қалған жағдайда тарихи таным халықтың санасына қаратылуы керек.

Француз ағартушысы Вольтер («Опыт о всеобщей истории и о нравах и духе народов. 1756 – 1769 жж.») тарихты «өркениет» тарихы деп бағалады. Ол мұнда мәдениет, салт-дәстүр, Шығыс пен Батыс халықтарының ойлау салты мен ерекшелігі басты мәселе болып табылады дей келе, тарихты адамдар өздерінің қасиеттеріне сәйкес жасайды деп білді. Сондықтан адамның санасы мен ақыл-ойын жетілдіруге айрықша мән беру қажеттілігін үқтырды [11].

Неміс тарихшысы Э. Бернгейм («Учебник исторического метода». 1889) адам баласы қызметінің заттай деректері шынайы, дұрыс тарихи дерек алудың объективті негізі екеніне сенімді. Ол адам қызметі, оның санасының оянуынан өрбіді, тарихи үдеріс – адамдардың рухани, психикалық қызметінің жемісі деп тұжырымдады.

А.С.Лаппо-Данилевский «Методология истории» (1913) атты еңбегінде сана, қоғамдық идеялар міндепті түрде тарихи дамуга әсер етеді, оны тарихшы зерттеулерінде ескериу керек деп біледі [12].

Бұл авторлардың барлық пікірлерімен толықтай келісе беруге болмайды, әлбетте, бірақ олардың тарих пен этнология ғылымдары қоғам, адам және олардың мінез-құлқы, қарым-қатынастары мен рухани әлемін зерттеу керек деген токтамының жөні болек. Бұл ретте, Ж.Артықбаевтың тарихи танымның өзегіне материалдық ескерткіштер емес, қоғамдық сана, әлеуметтік-мәдени құндылықтар... қойылуы тиіс деген пікірі біздің тарихшылар арасында күні бүгінге дейін тарала қоймағаны өкінішті-ақ. Тарихшы Н. Нұртазина да осы арнада сөз қозғайды [13]. Сондай-ақ, теориялық деңгейде ойлайтын философтардан да асырып айта алған тарихшылардың бірі – Х.М.Әбжанов. Ол былай деп жазады: «Біздің оқулықтарымызда күні бүгінге дейін экономикалық детерминизм, адамды қанау, соғыстар, жорықтар тарихы бірінші орында тұр. Мүмкін, алғашқы қауымдық құрылыш үшін бұл қалыпты жағдай шығар. Одан берідегі қоғамның ішкі өмірін тағызық пен жабайылық анықтаған жоқ... Ал, мінез-құлқытағы, дүниетанымдағы, әлеуметтік-демографиялық құрылымдағы өзгерістер жер мен көктей болатын. Соңғылары қазақ тарихының шығыршығын айналдыруға пәрменді әсер етті» [14].

Біздің пікірімізше, тарих ғылымы ұсақ-түйек, көр-жерді жіпке тізе бермей бүтін басты халықтың тарихи тағдырында бетбұрыстық кезеңге бастау болған оқиғаларды ажыратып алып, індете зерттеуі тиіс. Біз Қазақ мемлекеттілігі мен мәдениетінің өрімдерін таратып айтып-жазуда осынау қағиданы берік ұстануымыз керек.

Бұл ретте біздің айтатынымыз мынау болмақ: зерттеу нысанына тікелей қатысты деректер мен мағлұматтардың шындығы мен жалғанын айыра білу, жақсы-жаманының парқын, құнды-құнсызын талғай білу – зерттеушінің талғам таразысы мен логикалық ой жүйесіне, сондай-ақ дүниестанымына, ұлттық сана-сезіміне байланысты. Ең қажеттісі – жинақталған бай деректер мен фактілер ішінен зерттеушінің көnlіне қонақтынын, ойлау жүйесіне сай келетінін ғана емес, айтулуды қажетті шындықты айта алу қабілеті мен өресі.

Қазақстан аумағындағы табиғи-жаграфиялық факторлар ру-тайпалардың экономикалық, әлеуметтік және мәдени қарым-қатынастарының, мінез-құлқы мен салт-санасының сипатын анықтаған еді. Бұл әдіснамалық ұстанымды қаперімізден шығармауымыз керек

Дамудың тарихи сабактастығы бұзылған жерде ілгерлеу болмайды. Кейбір еңбектерде «ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстанды мекен еткен этностар, мемлекеттік құрылымдар аспаннан түсे қалғандай баяндалады. Олардың арасындағы генетикалық, інсілдік, тілдік, экономикалық саяси, рухани ортақтық, сабактастық, жалғастық кепендең һәм қысынды ашылмаған күйде қала береді» [14]. Әсіреле тілі, ділі, діні бір түріктер мекендереген ата мекенниң әр жерінде династиялық сипат алғып құрылған мемлекеттік ұйымды жалпы тарихи контекстең жырып алғып дараландыруға әуестену ортақ тарихымызды сынаржақ қарастыруға әкеліп соқтырады. Әрине, қазақ мемлекеттілігін зерттеудің өзекті мәселесі мемлекеттік биліктің түрін, мәні мен ерекшелігін әр кезеңге қарай анықтау болып табылады. Соған қарамастан, мемлекеттердің ғасырлар бедеріндегі дамуының ортақ желісінен кез жазып қалмауымыз керек. «Өйткені қоғамның барша мұддесі, тағдыры, құш-қуаты түйісіп, оң немесе теріс шешімін табатын жер мемлекеттік билік болған және бола береді. Адамзат тарихы мемлекеттік биліктің алmas қылыштай өткір құрал екенін қапысыз дәлелдеді». Ол Алғы Ер Тонгадай кемелдің кемеліндегі ғана тұлғаның яки тұлғалардың қолында жарқылдан елдің бойындағы дерт пен кеселді сылып тастауға пайдаланудан басқаға сілтенбеуі керек. Қазіргі заман Түрік мемлекеттерінің елбасылары атабабалардан қалған осынау ұлы дәстүрді ешуақытта да есінен шығармағаны аздал.

Танымның әдіснамалық ұстанымдары мемлекеттің мұддесіне, мемлекетті құраушы байырғы халықтың мұддесіне сай келуі объективті қажеттілік. Бұл басқалардың ренішін туғызбаса керек. Қазақстан тарихының мазмұнын, ерекшелігін әу бастан автохтонды тұрғындар, олардың төл мемлекеттері анықтаған. Байырғы халық пен оның мемлекеттің етене байланыстылығының тарихын адал ашатын методология бірінші орынға

С.Әбушәріп. Этностиң табиғаты мен тарихын зерттеудің...

қойылуы керек. Бұл қағидатқа жығылмаған зерттеудің түбі шикі, авторының піғылды теріс [14].

«Түркістан», «турлар» сөздерінің Иран сияқты көрнекті елдердің жазба деректерде сақталуының өзі Тұран тайпалары бірлестігінің жай ғана рутайпалық деңгейде өмір сүріп қоймай, олардың елдік, мемлекеттік дәрежеге көтеріліп, оны өзгелерге таныта қоңсы елдермен қарым-қатынас жасағанын да көрсетеді. Тұранда тек парсы тілді тайпалар ғана емес, түрік тілдес бірлестіктердің аралас, іргелес өмір сүруі басым болған. Олардың арасында болған байланыстың ара қатынасы, бір-біріне тигізген саяси, экономикалық, мәдени және антропологиялық әсерлері жеткілікті зерттелуі тиіс. Қалай дегенде де турлар осы өлкенің барлық тұрғындарын, ру-тайпалары мен тайпалық бірлестіктерін қамтыған жынытық атау түрінде бой көтерген. Ол – бірегей өлке, отан, ел атауы. Қала берді, біртұтас өркениетті бейнелейтін ұғым. Мұның өзі қазақ этносын осылардың аумағында қарастыруды діттейді.

Патшалық Ресейде салт-дәстүрлөрі мен тілдері аса жақын қарашайлар, құмықтар, балқарлар және әзербайжандар және жалпы түріктер татарлар деп аталған. Ал, тілі басқа кавказ халықтары: чешендер, ингуштер, лезгиндер өз атымен айтылған.

Сол сияқты турлар, Тұран және Түркістан сөздері елдің парсы тілдес ирандықтарға туыстас тайпаларына ғана емес, барша тұрғындарына қаратыла айтылған. Бұларға сақтар да кірген. Сақтар деген атауды да парсы жазбаларынан көзіктіреміз. Парсы жазуында «сака», ал санскрит тілінде (б.д.д. I мыңжылдықтардың орта шенінде белгілі болған деп есептелінетін «Махабхарата» мен «Рамаяна» поэмаларында) «шака» түрінде кездеседі. Бірақ сол сақтар өздерін қалай деп атаған, әрине, бұл жөнінде ешқандай мәлімет жоқ. Сақ жөнінде де шәлкестіктерге жол берілмеген деп кім айта алады. Әрбір халық өкілдерінің басқа халықты біліп-білмей, өзінше құбылтып атайды беретін әдеті бар. Мысалы, 60-шы жылдары Саха жазушыларының әңгімелері тұңғыш рет қазақ тілінде жеке кітап болып жарияланып, оның аты «Жақұт әңгімелері» деп қойылыпты. Сонда сахаларды орыстар «Якут» деп бүкіл әлемді бір шатастыrsa, қазақтар орыстардан да асырып жіберіп, «жакұт» деп аяғын аспаннан бір-ақ келтірген. Біз якуттер деп жүрген сахалар өздерін «Саха сирә» – «Саха жері» деп атайды. Қыпшақтар мен оғыздар орыс жылнамаларында «половцы» және «торктар» деп аталынған.

Халықтық этномим көп жағдайларда немесе жекеленген кезеңдерде тұрақсыз болып келетіні бар. Бірақ соған қарамастан этностардың діні, ежелгі мәдениет иелерінің тіршілігі мен қызметі бүгінге дейін тоқтаусыз жалғасып келген. Мысалы, қазіргі Өзбекістан территориясын мекендеген жұрт ертеде Тұран, Түркістан, кейінірек Соғды, Хорезм, Шаш, Паркан, Бақтрия деп болініп-болініп аталған. Арабтардың қол астында болған кезде ол өлкө Мәуараннах деп аталды. Әмір Темір қайтадан Тұран деп түрлендірді (XIV–XV). Моголдардың тұсында Шагатай ұлысы деп аталды.

XVI ғ. басында көшпелі өзбектердің бір бөлігі Шәйбани ханның бастауымен Батыс және Орталық Қазақстаннан Мәуәраннахра барғаннан соң, бұл жердің тұрғындары бірте- бірте өзбектер деп атала бастады. Өзбек ұлысының Қазақстанда қалған көшпелі және жартылай көшпелі тайпалары біржолата қазақтар деп аталағын болды [15].

Өзбек хандығына Қазақстан даласының көп жері – оңтүстік-батысында солтүстік Арап өңірі мен Сырдария бассейнінен бастап, солтүстік-шығысында Тобыл мен Ертіске дейінгі жерлер кірді. Онда жергілікті тайпалар (қыпшақтар, қоңыраттар, қаңылар және т.б.) тұрды. Бұлардың берінің ол кездегі өздерінше атауы өзбек болатын [16].

Жоғарыда айтылған өзбектер – шынында да Өзбекстан жеріне XV–XVI ғғ. келіп, өзбек халқының құрамына қосылған көшпелі - өзбектер. Бұрыннан көшпелі өзбектердің атын иеленіп журмеген болса да, өзбек халқы олардың Өзбекстан территориясының отырықшы аймақтарына келіп табан тірегенінен ондаған жүзжылдықтар уақыт бұрын осы өлкенің өзінде түрік сипаттас этникалық қауымдастық ретінде қалыптасқан болатын. Бұл халықтың өз атын көшпелі өзбектерден алғаны рас, бірақ ол осына өзбектер ауып келгенге дейінгі кезеңдерде-ақ өздерінің жоғарғы деңгейдегі мәдениетін көне түрік-согды-хорезм еркениеті негізінде жасап үлгерген еді.

Сонымен, Мәуараннахрың түрік халқының, сондай-ақ Соғды, Хорезм, Ферғана, Шаш тарихы өзбек халқының да тарихы болап табылады. Сондықтан да қос өзен аралығын мекендеген халықтың көшшілігін қураған Ферғана, Шаш тарихы өзбек халқының да тарихы болап табылады. Сондықтан да қос өзен аралығын мекендеген халықтың көшшілігін қураған түріктер бұл аймақты қарахандықтар жаулап алған кезде ғана пайда болған деу қате болар еді. Бұл ретте біз халық тарихы мен тілі көп жағдайларда оның атауынан әлдеқайда көп бұрын жасалынып белгілі болатынын естен шыгармауымыз керек болады. Түрікстанда, оның ішінде Қос өзен аралығындағы жерлерде де түрік тілінде сөйлейтін тайпалардың (бір кездері түрік деп аталмаган болса да) б.д. VI ғ. дейінгі жуз жылдықтарда өмір сурғені белгілі. Мұндай әсерлесулерден тәжіктер де тыс қалмаған. Олар тек парсы тілдес көне бақтриялықтар және согдылықтардан ғана қуралған деп ойлауға болмайды. Оңтүстік Тәжікстанда, А.Ю.Якубовский жазғандай, атам замандардан бері түріктердің қалың тобы тұрған. Ендеше, тәжіктердің де этногенетикалық құрылымының күрделі екендігі күмән туғызбайды.

Тарихтың белгілі бір кезеңінде күштеге түскен тайпалар немесе олардың жекеленген бөліктері басқа қатарлас және туыстас тайпалардан оза ілгері шыққанда тұтас бір ел атап тайпалар және олардың көсемдері мен билеушілерінің атын алған атальып кете берген. Мысалы, Қазақстан территориясында да еңсесін көтере дәуірлеген ел әрі мемлекеттік бірліктер тарихтың әр кезеңінде Тұран, Түрікстан, Сак, Қыпшақ және т.б. бірлестіктері, Қарахан мемлекеті сияқты бол атаптанды белгілі. Бұл мемлекеттік

С.Әбушәріп. Этностиң табиғаты мен тарихын зерттеудің...

бірлестіктердің субъектісі де сол жерлерді мекендейген тайпа-ұлыстар болған. Бұлардың бәрі осынау мемлекеттілік пен елдікті орнықтыруға қал-қадерінше үлес қосқан. Біз – сол тарих пен мемлекеттіліктің мұрагеріміз, заңды иесіміз. Ток етерін айтатын болсақ, тарихымыз арыға кете береді. Сондықтан XV ғ. орнықкан қазақ хандығын ғана қанағат тұтып, тарихымызды XV ғасырдан қайтара салу тарихи жадсызық болар еді.

Рас, қазақтың өз ерекшеліктері бар. Бұл – жалқылық. Сонымен бірге ол барлық түрікстандықтарға да тән болған ортақ қасиеттермен де ерекшеленеді. Бұл – жалпылық. Қазаққа мұнын екеуі де жақын, ыстық, қажет. Бірақ қазақ келешекті көздейтін болса, үлкею мен ұлғаюды қажетсінетін болса Тұран-Түркістанмын деуі де керек шығар. Біз тек қана қазақтың деп оңашалансақ, тарихи санамыз тайыздана түспесе, молаймайды. Онда біздің этникалық саяси қалыптасуымыздың, әсіресе бастапқы кезеңдерінің қыр-сыры қалтарыста қала береді. Бұл, әсіресе, қазір керек. Кеше неге олай болғанын, бүгін неге бұлай болатынымызды да дәлелдеу үшін Түркістанның– өткеннің күөгерлігі керек. Сол бағзы Тұранның бүтінге дейін ұрпақтан-ұрпаққа ұласып келе жатқан жалғастығы керек.

Нақты қалыптасқан этностиң өзіне қарағанда, сол халықтың аты бірсыныра ерте немесе кеш шығатын, тілті уақытша пайдаланылмай қалатын кездері тарихта аз емес. Мысалы, б.д. басындағы қытай деректерінде «қырғыз» деген терминді кездестіреміз, бірақ этнос ретінде қырғыздар деректерде б.д. I мыңжылдықтар ақырында ғана белгілі бола бастаған. Ұйғыр этнонимі XX ғ. дейін жақсы белгілі болған. Алайда, Орталық Азия тайпаларының соққысынан Ұйғыр мемлекеті құлағаннан кейінгі кезде бұл термин деректерде пайдаланылмайды. Соган қарамастан бұл этностиң бұрын да болғанын, қазір де бар екеніне ешкім де күмәнданбайды.

Бұдан шығатын қорытынды мынау: негізінен мәндік жағынан алғанда әңгіме этнонимде емес, халықтың антропологиялық-генетикалық қорында да тұрган айтарлықтай ештеңе жоқ. Әңгіме – мәдениетте (және менталитетте). Мәдениет пен менталитет бар екен, нақты этнос та табиғатта болған, бар және тіршілігін жалғастыра береді деп айта алымыз.

«Тұран», «турлар» сөздерінің Иран сияқты көрнекті елдердің жазба деректерде сақталуының өзі Тұран тайпалары бірлестігінің жай ғана ру-тайпалық деңгейде өмір сүріп қана қоймай, олардың елдік, мемлекеттік дәрежеге көтеріліп, оны өзгелерге таныта қоңсы елдермен қарым-қатынас жасағанын да көрсетеді. Тұранда тек парсы тілді тайпалар ғана емес, түрік тілдес бірлестіктердің арасы, іргелес өмір сүруі басым болған. Қалай дегендеге де «турлар» деген ұғым осы өлкенің барлық тұргындарын, ру-тайпалары мен тайпалық бірлестіктерін қамтыған жынытық атау түрінде бой көтерген. Ол – бірегей өлкө, отан, ел атауы. Қала берді, біртұтас өркениетті бейнелейтін ұғым. Бұл жердегі әдіснамалық ұстаным мынаған саяды: этностар мен өркениеттердің өзін-өзі танып-білуі негізінен «біз» және «олар» оппозициясы арқылы жүзеге асырылып отырған. Б. Ф. Поршневтің айтқанындағы, әр қандай

қарама-қарсы қою (әрине, психологиялық деңгейде және этникалық өздік санада) біріктіреді [17]. Тұтас халықтардың да, жекеленген адамдардың да өздерін қаласын-қаламасын төл этносымен тәндестіруінің жөні мен жолы осындағы. Олар тіл мен діл, дін мен дәстүр, жалпыэтнонимдік атау мен этникалық өздік сана т.б. ерекшеліктердің негізінде топтаса өмір сүріп, белектеніп отырган. Фукидидтің жазуынша, «Эллин» деген атау Эллин және оның ұлдарының Феотидегі күш-күдіреті асканнан соң орныға бастаған. Бұл жонінде ең алдымен Гомер күәлік береді. Ежелгі гректердің жалпы атауы ретіндегі «эллин» сөзі алғаш рет Гесиод пен Архилохтың шыгармаларында тілге алынған деген пікір бар [18]. Ендеше, жалпыэллиндік сананың қалыптасуы үдерісі б.д.д. VII ғасырға тұра келеді деуге негіз бар [18]. Ал, Гераклит пен Аристофан олармен бір тілде сөйлеспегендердің бәрін «варварлар» деп атаған екен [19]. Геродоттың да бұл реттегі пікірі осыған саяды [20]. Басқа авторлар бұл сөзді халықтардың әдет-ғұрпы, салт-санасы, тіпті киім киоі мен тамақтану ерекшеліктеріне байланысты қолданған. «Цочжуань» жылнамасында және «Лицзи» атты конфуциандық трактатта «ся» тайпасы мен «варварлардың арасындағы тілдік және мәдениет айырмашылықтары сарапанып көрсетілген [21]. Мәселен, Мэнцзы «Мен «ся» тайпасының варварларды өзгеріске ұшыратқанын естіген едім, бірақ варварлардың «сяны» өзгерте алғанын естіп-білген емеспін, деген екен [22]. Бұл артықшылықтарды қоңе заман авторлары табиғи- географиялық факторлармен түсіндіруге тырысқан. Мұны «орталық патшалықтар» және «чжун-гуо» терминдері айғақтайды: Чжун-го - бұл ғарыштық күштердің үйлесімі тапқан Аспан мен Жердің арасында ғарыштық күштердің үйлесімі тапқан Аспан мен Жердің арасында орналасқан деген түсінік сияқты. Мұндай қарама-қарсылықтың орын алуы этностық жалпы атаудың пайда болуымен түспа-түс келген. Ежелгі дәүірлерде Европа мен Азияда өмір сүрген осынау екі халық тарихының материалдарының негізінде жасалынған тұжырым-тезисті ежелгі Иран мен Түран өркениеттеріне, сондай-ақ қазақ этносына да қолдануға әбден болады деп білеміз. Өйткені, әрбір қауым өзін басқаларға жүптық қарама-қарсы қою арқылы өзіне ғана тән ерекшеліктерді анық түйсіне алған және түйсіне алады.

Біз тақырып бағыттарының негізdemесін өркениеттік тұрғыдан анықтауға ден қойдық:

1. Ежелгі түркілер дәүірінде өмір сүрген түрғындардың антропологиялық кескінін, ата-мекенін, тілдік ерекшеліктерін, мәдениетін, басқа этностармен өзара әсерлесуін тұтастай алғып қарастырғанда Түрік өркениетті пішинді әлем айқындала бастағанын көреміз.
2. Түрік жұрты мен түріктерді басқалардан ажыратып, олардың біртұтас этникалық-өркениеттік бірлік ретінде көрінгендейгін және кодын материалдық және рухани мәдениеттің мына түрлері – этностық өздік сананың маңызды элементі саналатын халықтың шығу тегі жөніндегі этногенетикалық аңыздарының болуы, өздерінің сенген құдайының күльттері

С.Әбушәріп. Этностиң табиғаты мен тарихын зерттеудің...

және діни жөн-жоралғылары, киім-кешектері, азық-туліктері, тамақтануының және темірден жасалған сауытының ерекшелігі, ерекше жерлеу рәсімдері, некелік-отбасылық қатынастары, қорғандардан табылған 2500 жыл бұрынғы кілемдерде безендірілген ою-өрнектері, басқалай айрықша этно-сақральдық құндылықтары, қоғамдық-шаруашылық құрылымының кешеніне т.б. ие болуы, ақырында, олардың өмір сүрген табиғи-географиялық ареалы – растайды деген методологиялық ұстаным түрік атты этнос немесе суперэтностиң табиғаты мен тарихын зерттеудің негіздерін құрайды.

3. Онда тарихи тағдыры жағынан туыстас иран-түрік тектес тайпалар қатар мекендереген, олардың жақындастып синтезденуінің нәтижесінде ежелгі Түрік өркениеттілігінің бой көтеруіне негіз қаланған.

4. Әсіресе, Түркістанды тек ежелгі дәүір атауы деп емес, сонымен қоса тарам-тарам жолы болған көп тайпа-ұлыстардың бастауы деп қараудың реті келгендей, алдағы уақытта оны ілгері – кейінде еткен тайпалардың этникалық өлшемі деп қарастырудың да жөні бар.

5. Ежелгі түркілердің тарихы және табиғатымен жақын таныстықты көрсететін дәстүрлер, діни нағымдар, топономикалық атаулар, фольклорлық материалдар қазіргі қазактар әлемінде молынан кездесіп отырады. Барша түркістандық ру-тайпалар, ұлыстар, олар мекен еткен жерлер, олар жасаған мәдениет, дәстүрлер, сөйлеген тілдері, олар иланған діндер, ұстанған этикалық қағидалар, өрбіткен ойлар, дүниетаным – бәрі қосылып Тұран-Түркістан әлемін құрайды, оның табиғаты мен болмысын тереңірек тануға үшлардың әр қайсысының да көмегі көп.

6. Тұран-Түркістан – барлық түрік тектес халықтардың, соның ішінде қазақтың да ата-мекені, Отан-Ордасы, бәріміздің басымызды біріктіретін ұран іспетті. Бұл қазіргі түрік халықтарының басын қосу бағытындағы іс-әрекеттерімізге сай келеді және сол түріктердің түпкі Отаны – Қара шаңырағы – Ежелгі мекені Орталық Азия, оның ішінде біздің қазақ жері екенин еске салады. Және де олардың ежелгі замандарда, М. Қашқари жазғандай, Рұм өлкесінен Жапарқага дейінгі жерлерде мекендерендігін естен шығармайық. Түріктер достастығының аясын кеңейте түсуге бағыттайты. Тұран-Түркістан – тым арыдан, аргы заманнан келе жатқан әрі барша түрік ағайындар арасын қамтитын аса ауқымды да, кен ұғым.

7. Бұл тұжырымдама бойынша, ежелгі дәүірінде өмір сүрген тайпалардың бірегей өркениет өкілдері екені және кез келген өркениеттің әлеуметтік, мәдени-саяси құрылым ретіндеге өзіндік рухани, ел билеу, тіршілік ету, ел аралық байланыс ерекшеліктеріне ие екендігіне көз жеткіздік.

8. Зерттеушілердің деректік материалдарға негізделіп жасалған тұжырымдарға сенімділік арта түседі деген ұстанымы зерттеу барысында барынша ескерілді.

9. Көне Ирандық және Түркілік мәтіндер деген, олар – өркениеттің алақаны, алақандағы айнасы. Оларға қарап отырып ежелгі түріктер дәүіріне

бойлауға болады деп білеміз. Ол, ол ма, археология күллі Тұран ареалының мәдени біртұастығын көрсетіп отыр.

10. Халық тарихы мен тілі көп жағдайда оның атауынан әлдеқайды көп бұрын жасалынып, белгілі болатынына, барша түріктер үшін Тұран-Түркістан атауының символдық маңызды іе екендігіне, олардың болмысында түріктік тектік сана мен өркениеттік ерекшеліктердің орнығып қалғандығына ден қойдык.

11. Өркениетке берілген анықтамаларды толығымен терістеу ниетіміз жоқ. Бірақ, оны біз белгілі бір табиги ойкуменде өмір сүретін бірнеше туыстас ру-тайпалар мен этникалық қауымдастықтарға, жалпы алғандағы халықтарға тән болған ортақ тарихи-рухани құндылықтар мен техникалық-шаруашылық факторлардың жиынтығы деп түсінеміз. Барлық өркениеттер халықтың тұастығы сезімінің негізінде құрылған.

12. Тұран-Түркістан өркениетін дәйектеуде біз парсы және түркілік фольклорлық-ақызыдық материалдарды да пайдалануымыз керек. Бастапқыда ежелгі адамдардың санасында мифологиялық және діни компоненттер басымдықта ие болған. Аңыздық және діни мәтіндердің мазмұнында жалпылықтың аз емес екендігі белгілі, және бұл ұқсастықтың негіздерін тереңірек талдау керек. Айтқандай, түрлі тайпалардың мифологиясынан олардың пайда болуы, ерекшелігі және сонымен бірге олардың байырғы бірлігі жөніндегі жалпы идея көрінеді, олардың біртұтас тарихи тағдырлас және біртұтас елдік-өркениеттік, шаруашылық-мәдени ерекшеліктерінің, эгоцентристік ұмтылыстарының, тайпалардың бірін-біріне қарама-қарсы қоюын көруге болады. Мұның өзі зерттеушілер тобын байсалдылықпен ізденістерге үндел, Тұран өркениетін дәйектеуге мүмкіндік береді. Әрине, алыс замандарда өмір сүрген кез-келген тұлғаның уақыт өтісімен аңыздандырылып жіберетіндігі белгілі. Мәнгі токтамас уақыт тезі не нәрсе болмасын тоздырады, оздырады. Зерттеушілердің осы бағыттағы ізденісі тежелмеуі керек. Осы орайда біз олардың тарихи, этнографиялық, лингвистикалық т.б. деректермен расталынғандығын қалар едік. Бірақ та басқалай тарихи фактілердің бірсынырасы субъективтік сипаттас емес деп кім айта алады? Тарихи факт – бұл оқиғаның өзі емес, оның тарихшының немесе жазушының (айтушының) басында бейнеленіп, содан соң ескерткіште (деректе) көрініс тапқан және тарихи білім жүйесінен орын алған көрінісі. Бұл бейнеленудің нәтижесінде болып өткен оқиғаның немесе үдерістің мазмұныға емес, сонымен бірге оны қабылдайтын адамның баға беруі де орын алады. Содан соңғаған барып тарихшы, яғни біздің замандасымыз, кәсіпқой зерттеуші тарихи деректі қарастырады. Тарихи факт субъективтінділіп, бүтінгі күн тұргысынан модернизацияланылады (жаңартылады). Сонымен, тарихи өткен оқиғалардан қазіргі ұлттық-әлеуметтік мұрраттарды, мақсаттарды, жолдарды және пікір-жорамалдардың дәйектелінуі іздестіріледі, солардың негізінде тіпті алдағы күндейгі дамудың ықтималдық моделі ұсынылады. Олай болса, Түркістан өркениеті тарихшының

С.Әбушәріп. Этностиң табиғаты мен тарихын зерттеудің...

сабактары, өсіресе, Орталық Азия халықтарының бірігуіне үндеп, олардың одағының негізделуіне септеседі.

13. Философиялық және теориялық тұрғылар қай-қайсы тарихшының болмасын методологиялық ұстанымын анықтайды. Бұл тұрғыда глобалдық ғылыми революцияның үшінші толқыны жағдайында методологиялық плюрализм өзінің «азаматтық құқығын» алды деуге болады. Әңгіме күрделі, көп қырлы обьект дәлірек, тереңірек және мазмұндырақ түрлі ғылыми бағыттар мен мектептер тұрғысынан бейнеленетіндігі туралы болып отыр. Ірі галым-психологтар әрбір адам (галым, саясаткер, азамат) өзінің шешімін қорғауда ерікті деп біледі. Зерттеушілердің деректік материалдарға негізделген тұжырымдарға сенім көбірек болады деген ұстанымы зерттеу барысында ескерілді. Бірақ, тарихи мәдениеті жоғары рецензенттер көптеген деректерде көрініс тапқан зерттеудің сондай күрделі обьектісі түрлі құндылықтық, дүниетанымдық және методологиялық позицияларда тұрған ақындар, тарихшылар тарапынан қарастырылған бірдей тарихи фактілерге, өсіресе, Афрасиаб тұлғасы мен ежелгі сақтар немесе түркілер тарихына қатысты берілетін әр түрлі бағалауларды тудырмауы мүмкін емес екендігін түсінбеуі мүмкін емес.

14. Бұдан 40000 жыл бұрын соңғы палеолиттің кезеңі басталады. Ол замандағы адамның түркілер мекен еткен жерлердегі физикалық-психикалық типі қазіргі адамдікіндей. «Это были люди, - писал Л. Г. Олех, - обладавшие мыслительными способностями и своим физическим обликом принципиально не отличавшиеся от современного человека» [23]. Сібірден табылған статуэткалардың жасы: 27000. Біз ежелгі Түрік өркениетін қарастырғанда көне адамдарға алғашқы жабайылар ретінде қаралған және тарихнамалық дәстүрде бекіп қалған тұжырымының теріс екендігін ескеріп, Новосібірлік ғалым В. Е. Ларичев сияқты авторлардың ежелгі адам жоғары интеллектуалдық әлеуетке ие болған, оның айрықша, құрметке лайықты мәдениеті, «белгілік рәміздермен» жазылған тас «кітаптарының» болғандығын, палеолиттік сібір ескерткіштерінен нақты жер, күн, ай, планетарлық құнтізбелерді табуга қолдары жеткендігі жөніндегі деректүржымды басшылыққа алдық [24]. Малытадан адамдардың бұдан 20 мың жыл бұрын өмір сүргендігін растайтын көне қоныстар мен баспаналар табылды, теріден жасалған киім киген әйелдердің скульптуралық бейнелері табылды. Л. Г. Олехтің сезіне қарағанда, Европадан мұндай статуэткалар әзірге табыла қойған жоқ. Ол кездегі Сібірдегі климаттың Европадағыдан түбегейлі айырмашылығы болмаған. Әйелдердің бұл бейнесі көркемдік ізденістерді ғана білдіріп қоймай, сол замандағы адамның рухани ізденістерін де сипаттайты, әлеуметтік тәртібін бейнелейді [23]. Мұның өзі ежелгі Түран-Түркістан тұрғындарының өзіндік мәдениетінің болғандығы жөнінде сез қозғауға мүмкіндік береді. Ал, И. Г. Гердердің бұл ретте мәдениетке тілді, ғылымды, дінді, өнерді, қолөнер кәсібін, мемлекетті жатқызғандығы белгілі. Және мәдениет – бұл адамдар тарапынан

қабылданған құндылықтар жүйесі. Ежелгі түркілердің де сан қырлы іс-эрекеттерінің тұрақты тәсілдері мен әдістері, әлеуметтік мұраттары болған.

15. Өркениеттер локалдық және глобалдық сипаттас болады. Философ О. Тоффлер адамзат тарихындағы аграрлық, индустріалдық және қазіргі-ақпараттық сияқты үш өркениеттік толқынды тілге алады. Ал, аймақтық (локалдық) өркениеттер – бұлар египет, рим, грек, европа және т.б. өркениеттері. Біз ежелгі түркілердің б.д.д. мыңжылдықтардағы тарихына қатысты «Тұран өркениеті» ұғымын қолдануды жөн көрдік. Өйткені, б.д.д. II-І мыңжылдықтарға жататын ежелгі парсы эпостары мен деректерінде эпоним және этноним ретіндегі Тур мен Тұран терминдері қатталған. Бұл терминдердің осынау мағынада қолданғандығын кейінгі ғасырлардағы жазба ескерткіштерден көруге болады. Әрине, бұл Аму-дариядан сонау Солтүстікке дейін созылып жатқан аса үлкен аймақтың барлық тұргындарының жынытық атауы болған. Сонымен, елдерге қарата, әсіресе, Тұран мен Түркістанға қатысты қолдану үшін «мәдениет» пен «өркениет» категориялары жарамды.

Тұран-Түркістан өркениетінің іргетасын, ядросын не құрайды? Тұлғалар мен халықтардың идентификациясы үшін дүниежүзілік діндердің пайдаланатындығын естен шығармауымыз керек. Ондағы үstem дін тәніршілік пен ата-бабалар культі еді. Түркілерде өзімшілдік емес, алдағы дамудың таңдауы үшін жауапкерлікті анықтайтын басқа қалыптар-ұстанымдар мен «ортақ іс» менталитеті болған. Соңдықтан да біздің еліміз өнеркәсіп пен шикізат қоқыстары тасталатын жері ғана емес, сонымен бірге гуманитарлық қалдықтардың, қоқым-соқым тастайтын жері болмауы үшін, барлық құш-қуатымызды елдің мәдени әлеуетін нығайтуға жұмсауымыз керек. Ауылды өркендеппей бұған қол жеткізу мүмкін емес. Әскери әлеует емес, мәдениет, нақ соның өзі, А. В. Соболев айтқандай, XXI ғасырдағы соғыстарда шешуші рөль атқаратын болады. Тұран өркениеті лайықты орынға ие болу үшін төзімділік, біздің елімізді мекендеген этностық топтардың барлық мәдениеттерінің мазмұнындағы жалпыадамзаттық құндылықтарды тұтынуға деген ұмтылыш және табиғи-шикізаттық ресурстардың жабайылық және тағызықпен эксплуатация жасалуына тоқтам салу қажет. Тұран-Түркістанның түрлі аймақтарында жалпылық көп болған. Жалпылық Жердің түрлі аймақтарында мекендеген тайпалар арасында байланыстардың болғандығынан деп тұжыруға болады. Түріктер, арийлер және басқалардың өзара әсерлесуі механизмдерін зерттеу Тұран-Түркістан өркениетінің табигаты мен генезисін түсіну үшін, түрік мәдениетінің қалыптасуы мен әрі қарай дамуын түсіну үшін пайдалы болуы мүмкін. Мұндай түсіну – Орталық Азия, Иран, Индия және Ресей халықтарының арасындағы қатынастардың дамуы стратегиясын, онтайлы гео-саясатын дәйектеудің маңызды факторы болып табылады. Өйткені, еуразиялықтар мектебінің өкілдері великоросстардың болмыс-бойынан турал элементтің табылғандығы жөнінде ләм-мим демей, олардағы славяндық элементтің ролін беріттіріп көрсетуге ден қойған.

С.Әбушәріп. Этностиң табиғаты мен тарихын зерттеудің...

16. Ататегіміз, тарихымыз жөніндегі ақпараттар зиялышарымыздың еңбектері, шыгармашылығы арқылы тау-тасқа таңбаланды, ауыздан-ауызға, ұрпақтан-ұрпаққа берілуде. Баба буынның мәңгі тоқтамас уақыт мұхитына қосқан рухани кемелері рөлін солар аткарды. Жалпы қоғамды ілгерлетең тұлғалы адамдар десек, олардың өмірінің беймәлім тұстары, ой-толғаныстары, пікірлері туралы біліп отыру да аса маңызды, зор тағылым деп ойлаймыз. Тарихи үдерістер өздігінен өрбімейді. Олар жекеленген тұғалардың іс-әрекетінде көрінісін тауып жатады. Сондықтан біз Түркі тарихын оның тұлғаларының өміріндегі қызықты да күрделі сәттерді көрсету арқылы да танып-білуге болады деп білеміз.

17. Этностиң қауымның пайда болуы, дамуы және трансформацияға ұшырауы – адамзат қоғамының ең маңызды мәселелерінің бірі болып табылатын жалпытариhi үдеріс. Ондаған мың жылдар бұрын басталған бұл процесс бүгінгі күні де жалғасуда. Бірақ та этностиң дамуы жолындағы үздіксіз сабактастықтың қамтамасыз етілуімен бір қатарда оның тарихының кейбір тұстарында аталмыш жалғастықтың тоқтап қалуы да мүмкін.

Бір этнос неліктен тасқындалп өркендейді де, содан соң кенеттен дәл сондай қарқынмен регрессиялық жолға түседі, ал басқалар болса мындаған жылдар бедерінде өзінің шын мәніндегі қалпы мен мәнін өзгеріссіз сактап қала алады? Этногенетикалық механизмнің сипаты қандай? Этностар бірдей мүмкіндік пен әлеуетке неліктен ие емес, ең алдымен этноэволюцияның негізгі қозғаушы күштері қандай деген сауалға жауап беруге тиістіміз. Содан кейін ғана барып этникалық процесстерді қарастыруға болады деп білеміз. Шынында да қоғам дамуының негізін оның әлеуметтік-экономикалық структурасы ма, әлде этникалық құрамы құрайды ма деген сауал күрделі және оған біржақты жауап беру оңайға түспесе керек. Мәселен, көбінесе бірыңғай әлеуметтік-саяси құрылымға ие, сонымен бірге түрлі этникалық құрамды мемлекеттердегі даму деңгейінің біркелкі емес екендігі белгілі. Бұл ретте этностар бифуркация (бір нәрсениң екі белікке ажыралуы) негізінде кенеттен жаңаша мәнге ие болып, революциялық жолмен қалыптасады немесе бір қалыпты эволюциялық дамудың нәтижесінде пайда болатын айырмашылықтардың біртіндеп жинақталуына орай бой көтеретінін айта кеткен жөн.

Әлеуметтік мектеп өкілдері этникалық идентификация маңызының артып баруын қазіргі уақытта Әлем бойынша экономикалық модельдер мен технологияның таралуына, еңбектің белінүйне байланысты артта қалған халықтар өкілдері реакциясының күшіне оған, сондай-ақ дүниежүзілік бәсекелестіктің нәтижесінде елдердегі ішкі этникалық өзара әрекеттесудің салдарымен, белгілі бір топтардың саяси және экономикалық өмірде белсендерлік танытуымен түсіндіруге тырысады. Жалпы алғанда, адамның әрдайым өзін «біздің» белігі ретінде, оның этникалық топқа жататындығын түйсінуді қажетсінің өмірде өзіне бір сүйенер сүйеніш іздеуімен анықталмайды ма? Шынында да құрылымы тұрақты болғандықтан, этнос

адам үшін сенімді топ болып есептелінеді. Этностиң кейбір элементтері мен белгілері этностиң қауымдастықтың пайда болуы мен дамуының қажетті шарты, этностиң қалыптасуының обьективті факторы ретінде қарастырылуы керек деген ой-пікірдің жаңы бар. Мұндай факторға әлеуметтік-экономикалық құрылым, шаруашылық тип пен территория бірлігі жатады, дейді В. Ф. Генинг [25]. Ал, тар мағынада этникалық белгілерге нақты этностар арасындағы шын мәніндегі айырмашылықтарды бейнелейтін этностиң өзіне ғана тән ерекшеліктерді жатқызуға болады.

Этнос терминінің мән-мағынасын түсінуде осы уақытқа дейін ғалымдар арасында бірізділік жоқ. Алыс шетелдерде этностиң қауымдастықты саясаткерлер мен зиянчылардың белгілі бір мақсатқа қаратылған іс-қызметінің (бірыңғай мәдени қауымдастық шенберінде әлеуметтік комфортты қамтамасыз етуді көздейтін) нәтижесінде пайда болатын әлеуметтік құрылым ретінде қарастыратындар бар. Нәтижесінде этнос – мәдени айырмашылықтар емес, этнос белгілері жөніндегі бірыңғай түсініктердің жиынтығы болып шығады. Әрине, этникалық айырмашылықтар (тіл, құндылықтар, ойлау мен жүріс-тұрыс қалыптары, тарихи жад, дін, туган жер туралы ұғымдар, ата-бабалар жөніндегі аңыздар, мінез-құлық, халықтық және кәсіпқойлық өнер т.б.) өмірде бар нәрсе.

Этнос құндылықтарының оның өкілдерінің тарарапынан қабылдануының сипаты қалыптасқан тарихи ситуацияға, этностиң топтасудың стадияларына, этностиң қоршай өмір сүріп жатқан басқа этностардың әлеуетіне байланысты болады. Этностиң тарихында кішігірім топ ретіндегі, тікелей туыстастықтың нетізінде туындастырылған табиғи бірлік ретіндегі отбасы өзіндік рөл ойнайды. Осыдан барып қарапайым санадан тектік бірлік ұғымы орын алып, ол алыс замандарға байланыстырыла қандық туыстастық ретінде түсініледі. Жалпы алғанда, этностиң негізгі ерекшеліктеріне ойлау мен сезім қыртыстарының жүйесі және жүріс-тұрыс пен қимыл-қозғалстардың стереотиптері жатады. Өсіресе, мінез-құлықтың сипаты маңызды рөл аткарады. «Олар» және «біздер» оппозициясы алға тартылған мезетте бұлар көріне бағтаиды. С. А. Токарев айтқандай, этностиң дамуы барысында оның кейбір белгілері алдыңғы орынға шығып, басқалары ысырылып қалуы мүмкін [26]. Мұнда этнос мүшелері-өкілдерінің этностиң бітім-болмыс пен ерекшеліктерге деген ерекше ықыласы, етene жақындығы, әрине, біртұтас этностиң-мәдени орта мен олардың бірге өмір сүруі арқылы қалыптасады да, бара-бара биологиялық - табиғи бейілділікке ұласады. Бұл ретте мұның гендік деңгейі тұрғысынан әнгімені өрбітуге болар еді. Соңдықтан да этностиң табиғи және тарихи сипаты жөнінде сөз қозғауға әбден болады деп білеміз. Яғни оны ішінәра биоэволюцияның зандалықтары негізінде де қарастыруға болады деген қорытындыға келеміз.

Этности зерттеудің тары бір ұстанымы – этностиң қауымдастықты орнықтырудың басты шарты ретінде оның жақын шақтағы өткеніне ғана емес, сонымен бірге праэтностиң тарихына қарайлауын көрсеткен болар едік.

С.Әбушәріп. Этностиң табиғаты мен тарихын зерттеудің...

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бллингброк Г. С. Письма об изучении и пользе истории. – М., 1978. – С. 11.
2. Гердер И. Г. Идеи к философии истории человечества. – М., 1978. – С. 9.
3. Еркін Әбіл, Тамара Әлібек, Аманжол Күзембайұлы. – Қазақстан тарихы әдіснамасы және теориясының кейбір мәселелері. – Қостанай : ТОО «Центрум», 2009. – С. 59.
4. Вольные строки Г. Бельгера . // «Свобода слова».- 6 августа 2009 г.
5. Трейки Г. Цит. алынды : Методические проблемы истории. – Минск, 2006. С. – 199; Еркін Әбіл, Тамара Әлібек, Аманжол Күзембайұлы. - Қазақстан тарихы әдіснамасы және теориясының кейбір мәселелері. – Қостанай : «Центрум», 2009. – 53 б.
6. Репина Л. П., Зверева В. В. История исторического знания.- М.: «Дрофа», 2006.
7. Теория и история историографии.- Спб.,1915.
8. Р. Дж. Коллингвуд. Идея истории: Автобиография.- М., 1980.- С. 235.
9. Лукьян. Избранное.- М., 1962. - 418.
10. Медушевская О. С. Современное зарубежное источниковедение.- М., 1983.- С. 5,7.
11. Философия истории. Под.ред., А. С. Панарина. Учебное пособие... -М., 2001.- С. 172–173.
12. Иванов Г. М. Исторический источник и историческое познание (методологические аспекты). – Томск : - Изд. Томск. Университета, 1973.- С. 29.
13. Нұртазина Н. Қазақ мәдениеті және ислам (тарихи-мәдениеттанулық зерттеу).- Алматы : «Өнер», 2002.
14. Әбжанов Х.М. Қазақстан тарихын зерттеудің методологиялық ұстанымдары//Тәуелсіз Қазақстан тарихын зерттеудің өзекті мәселелері. Мемлекет тарихы институты. Ғылыми бюллетен் № 2. – Астана. - 2009.- 27- б.
15. Ибрагимов С. К. Еще раз о термине «казах». //Труды института истории, археологии, этнографии АН Казахской ССР.- т. 8.- А. - 1960; Семенов А. А. К вопросу о составе и этногенезе узбеков Шайбани хана. //Труды института истории, археологии, этнографии АН Таджикской ССР.- т. XII.- Сталинабад.- 1954.
16. Ахмедов Б. А. Государство кочевых узбеков. - М., 1965.- С.15–17.
17. Поршнев Б. Ф. Социальная психология и история.- М. : Наука, 1966. - С. 81, 95.
18. Ehrenberg V. Hellenes. The Oxford Classical Dictionary. Oxford, 1953, p.411. Цит.: M. Крюков. Эволюция этнического самосознания и проблема этногенеза: http://scepsis.ru/Library/id_908.html. – С. 2.
19. Аристофан. Комедии, т. 2. М., 1954.- С. 17.
20. Геродот. История в девяти книгах, т. 1. М., 1888. – С. 203. Цит.: по М. Крюкову.- С. 5.
21. «Лицзы». Комментарии Е Шаоцзюня.- Шанхай, 1926.- С. 14-15. : Цит. По статье М. Крюкова. – С. 5.
22. The Chinese Classics. Vol. 2, p. 253. Цит. : по М. Крюкову... С. 7.
23. Олех Л.Г. История Сибири.- Ростов-на-Дону, Новосибирск: «Сибирское соглашение», 2005.- С. 36.
24. Ларичев В. Е. Палеолит Маньжурии, Внутренней Монголии и Восточного Туркестана,- Сибирь Центральная и Восточная Азия в древности.- Новосибирск, 1976.
25. Генинг В. Ф. Этнический процесс. – Свердловск , 1970. – С. 23.
26. Токарев С. А. Проблема типов этнических общностей (к методологическим проблемам этнографии) // Вопросы философии, 1964, № 11. – С. 43.

REZUME

S. ABUSHARİP (Turkistan)
THEORETICAL AND METHODOLOGICAL RESEARCH ASPECTS OF
ETHNOS NATURE AND HISTORY

The article deals with the theoretical and methodological research aspects of ethnoscience and history. Ethnos is considered not only as a social-cultural community. The author tries to show its biological mechanisms of ethnic sympathy and predispositions to the ethnic values.